

Нүркен Әбдіровтің туғанына — 80 жыл



деген пір айтады.

Мақала маған көп ой салды. Балалық шағымды көз алдыма әкелді. Мақалада «ақ тәтем» — Асқап тәтемнің аты аталмағаны жаңыма қатты батты. Бір-екі рет жылап та алдым. Руы Сармантай, Ибатая деген кісінің үлкен қызы Асқап тәтенің айтары көп еді ғой. Нүркеннің қазасын естіп, шөгіп қалған Бағым апамның қас-қабағына қарап, аялап, күш берген жалғыз келін осы Асқап еді. Бұл кезде Әбдір ақсақал аурушаң еді. Сәдірбек хабарсыз кетті. Сәрсен ағам денсаулығы жарампақтықтан әскерден оралған. Сол жылдары киім тігіп, оны сатып, бір үйлі жаңды асыраған Асқап тәтем болатын.

Асқап тәтемді еске алып отырған мен кімін? Мен Нүркеннің туған бөлесімін. Балқаш қаласында тұрамын. Тоғыз баланың анасымын. Есбергенұлы Темірдің құдай қосқан қосағы едім. Туған жерім Қарқарлы ауданындағы Нүркен ауылы. Шешемнің аты — Күлжан. Бағжан — апамның ең кіші сiңлісі.

Жоғарыдағы мақала ақторының «Батырдың анасы туралы материалдар жарияланса» дегенге қосыла отырып, өзімнің білгенімді ортаға салғанды жөн көрдім.

Ашаршылық жылдары ауыл адамдары жан сақтау қамымен Қарағандыға шұбырды емес пе? Солардың арасында Бағжан мен. Күлжанның төркіндері, менің әкемнің туыстары да бар болатын. Зағипаны (нағашы шешемді) баласы Иманбек арқалап, Қарағандыға жеткізеді. Жолда бірге шыққан бауырлары аштан өледі.

Нағашыларымыз біздің үйде тұрады. Жер

Асқап тәтем бірнеше ағайынды болды. Итбайдан Асқап, Бижұл, Жеңіс, Үміт. Тағы бір інілері бар еді, атын ұмыттым. Асқаптың сiңлісі Үмітті Төкенге қостым деп айттым ғой. Бижұлдың үлкен қызын Сағадатқа қосты. Жастардың өздері де келіскен шығар. Дегенмен, Бағжан апамның әсері болғаны даусыз.

Бағжан апамның тағы бір сiңлісі Үлжанның баласы Сағадат Дүйсебеков Ақтоғайда, зейнеткер. Менің бауырым Мәдіғали Нүркен ауылында тұрады. Үлкен апасы Қалжанның ұлы Сағымбек Бесоба ауылында. Балжан апамның ағасы Оспаннан Зукра тәте бар, Қарқаралы қаласында тұрады.

Үлы Жеңіске екі күн қалғанда Әбдір ақсақал қайтыс болады. Інісі Әбдікеш тоғызға салуға келгенде қасындағы екі баласының біреуін (12 жастағы Қабдырбайды) Бағжанға «Құдай алдында қарызы жоқ» деп тастап кетеді. Бағжан апамыз 1946-47 жылдары Үлкен тәтемнің Төкен деген баласының фамилиясын Әбдіров деп ауыстырып алады.

Сөйтіп, Сәдірбегі мен Нүркеннің орнын осылайша толтырған Бағжан апа өзіне-өзі қайрат береді, осы балаларды оқытып, жеткізеді.

Бұл жылдары Сәрсен ағамның Света, Салия, Сәуле, Әукен есімді балалары бар еді. Заман түзеле бастаған. Бағжан апамыз мектептерге, ұжымдарға шақырған кездесулерден қалмайды. Сонда апамызды киіндіріп шығарып салып, ыстық тамағын әзірлеп, қарсы алатын Асқап тәтеміз еді.

Жеңістен кейін үкімет апамдарға Аманкелді көшесінен үлкен үй салып берген

БАТЫРДЫҢ БӨЛЕСІ ЕДІМ



кепенің төрі бөлмесінде әкем — Байтолла, шешем — Күлжан, ағайым — Әбдіғали, бөлем — Нүркен. Ауызғы бөлмеде әкемнің інісі — Ақтан атаңың Әбдолла деген баласы, нағашы шешем Зағипа, Иманбек-нағашым, барлығы жеті жан тұрады. Менің шешем аш-арықтарды тамақтандыратын ұйымға аспазшы болып жұмысқа орналасады. Нағашы шешеміз 1934 жылы қайтыс болады, нағашым заман түзелген соң елге оралады. Әбдірдің отбасы да біздің үйде болып, ашаршылықтан аман шығады.

Нүркен 1942 жылдың 19 желтоқсанында ерлікпен қаза тапқаннан бері бәспәсез бетінде талай мақала жарияланды. Кітап та шықты. Бұл мақалаларда Нүркеннің өзі туралы ғана жазылды. Оның шыққан, өскен ортасы, Бағжан апамыз туралы да көп айтылған жоқ.

Бағжан апамыз, ширақ, өті тірі еді. Тіріліңде қаншама адамға шапағаты тиді. Ол кісі өзінен көмек сұрап келгендердің бетін қайтарып көрген жоқ.

Қазір Нүркен ауылында Бағжан апамыздың бауыры Иманбектен туған Қабыл Айнабаев тұрады. Өзі де, зайыбы Бақыт та ұстаз. Әбдірдің інісі Әбдікештен 2 ер бала, екі қыз бала бар.

Отбасы тәрбиесіне байланысты Бағжан апамның өзіндік көзқарасы бар еді. Ол кісі кейін туыстық қатынастары үзілмесін деген оймен келіндерінің, сiңлілерінің балаларын бір-біріне қосып отыратын. Осыған байланысты үйге қонаққа келген бір ақсақалдың Бағжан апамызға «Бір баладан соң бір баланың басын байлап» деп ренжіген есімде.

Енді байқап отырсам осының өзі үлкен тәрбие өкпе ғой. Бағжанның жалғыз келін

болатын. Ескітің алдынан бас көше өтетін еді. 1951 жылы күзде Сәулені есіктің алдында машина басып кетті. Тағдырдың жазуына кім араша тұрады? Заман түзеле келе жатқанда бұл отбасы осындай бір соққыға душар болды. Бірақ үйге елден келіп жататын адамдар көп. Осы жағдай қайғыны біршама сейіткендей болатын. Сол жылы Үміт тәтеміз кішкентайлы болды. Әлия есімді кішкене бүлдіршін ауыр қайғыны бірте-бірте ұмытыра бастады.

1952 жылдың күзінде анам үйге Үлжан тәтемді ертіп келді. Қасында Сағадат бар. Өзі қатты сырқат болғандықтан Сағадатты Бағжан апамызға тапсыруға келіпті. Үлжан тәтем көп ұзамай қайтыс болды. Сол бетімен Сағадат Бағжан апамның тәрбиесінде өсті. Келесі жылы біздің отбасымыз Ақтоғайға көшті. Үлкен ағайым Әбдіғали МТС-тің директоры болып қызмет атқарды. Үлжан тәтемнің үлкен ұлы Қалкен ағай үйге келіп жүрді. Ол кісі 1955 жылы қайтыс болды.

Бағжан апамыз «Нүркен тамыз айының 10 жұлдызында туған» деп айттып отыратын. Батыр ағамыздың туғанына сексен жыл толуы қарсаңында есімде қалған осы жайларды оқырмандарға әңгімелеп беруді өзімнің парызым санадым.

Алтын БАЙТУЛИНА,
еңбек ардагері.

БАЛҚАШ қаласы.

Суретте: Нүркеннің анасы Бағжан апа Кеңес Одағының Батыры Нүркен ӘБДІРОВ.

Биылғы жылдың басында «Қазақ Батырлары» деген газетте Қазақстан әйелдері қозғалысының тарихы мен Шығыс әйелдерінің проблемаларын зерттеуші, филология ғылымының кандидаты Рахима Сыздыққызының «Батырды баулыған» деген мақаласы жарияланды. Автор осы мақаласында Нүркеннің анасы Бағжан Айнабайқызы туралы мағлұматтарды іздестіріп, оны әйелдер энциклопедиясына енгізу керек